

Бюджеттік борыштар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 қыркүйектегі N 1086

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ГМ-172/6 мекемесі мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскері N 6656 әскери бөлімінің пайдаланған энергия ресурстары үшін жинақталып қалған берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Батыс Қазақстан темір жолы басқармасының (Ақтөбе қаласы) республика бюджеті алдындағы заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша 31 (отыз бір) млн. теңге сомасын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ГМ-172/6 мекемесіне қосымша абоненті ретінде энергия ресурстары үшін берешегі бар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскері N 6656 әскери бөлімін қаржыландыру есебіне бір жолғы есептеу жүргізсін.

2. Қаулының 1-тармағында айқындалған сомадағы аталған есептеу жүргізу мыналардың есебіне есептелсін:

Батыс Қазақстан темір жолы басқармасы (Ақтөбе қаласы) "АКӨБ" (Ақтау қаласы) акционерлік қоғамының кредиторлық берешегін өтесін;

"АКӨБ" (Ақтау қаласы) акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі ГМ-172/6 мекемесінің кредиторлық берешегін өтесін;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ГМ-172/6 мекемесі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскері N 6656 әскери бөліміне қосымша абонентінің кредиторлық берешегін өтесін.

3. Берешекті есептеуді аталған соманы 1996 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі